

PHILIPS

Сымсыз
динамик

2000 сериясы

TAS2307



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2

2	Сіздің сымсыз динамигіңіз	3
	Қорапта не бар	3
	Динамикті шолу	3

3	Бастау	4
	Кірістірілген батареяны зарядтау	4
	Қосу/өшіру	4

4	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	5
	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	5

5	Өнім туралы ақпарат	6
----------	----------------------------	----------

6	Ақаулықтарды жою	6
	Жалпы	6
	Bluetooth	7

7	Ескертпе	7
	Сәйкестік	7
	Қоршаған ортаны күту	7
	FCC және IC мәлімдемесі	8
	Trademark notice	9

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Қуат көзінің кернеуі бірліктің артында немесе астыңғы жағында кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Динамикке сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Динамикке ешбір қауіп көзін қоймаңыз (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шамдар).
- Желдету үшін динамик айналасында орын жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
- Динамикті температурасы 0 °C және 40 °C аралығындағы қауіпсіз ортада пайдаланыңыз.
- Өндіруші көрсеткен қосымшаларды және аксессуарларды ғана қолдануға болады.

Батарея қауіпсіздік шаралары

- Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылыс қаупі бар. Батареяны тек бірдей немесе баламалы түрдегі батареяға ауыстырыңыз.
- Батареяны (батарея жинағына немесе орнатылған батареяға) күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызу әсерінен аулақ ұстау қажет.
- Өте жоғары немесе төмен температурада және жоғары биіктікте төмен ауа қысымы кезінде батареяны пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезінде қауіпті болуы мүмкін.

- Қауіпсіздікке зиян келтіруі мүмкін қате типті батареямен алмастырмаңыз (мысалы, кейбір литий батареяларының типтері).
- Батареяны отқа немесе ыстық пешке лақтыру, оны механикалық түрде ұсақтау немесе кесу жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
- Батареяны өте жоғары температуралы ортада және төмен ауа қысымды ортада қалдыру жанғыш сұйықтықтың немесе газдың ағып кетуіне немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.



Ескерту

- Осы динамик корпусын алуға болмайды.
- Осы динамиктің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
- Осы динамикті түзу, қатты және тұрақты жерге қойыңыз.
- Осы динамикті басқа электр жабдықтың үстіне қоюға болмайды.
- Осы динамикті тек ғимарат ішінде қолдануға болады. Бұл динамикті судан, ылғалдан және сұйықтық толтырылған заттардан алыс ұстаңыз.
- Осы динамикті тікелей түсетін күн сәулелерінен, ашық жалыннан немесе қызудан аулақ ұстау керек.
- Батарея дұрыс түрімен ауыстырылмаса, жарылу қаупі туындайды.
- Құрылғыда кірістірілген литий батареялары бар екенін ескеріңіз. Литий батареяларының өздігінен разрядталу сипаттамаларына байланысты зарядтау сыйымдылығы уақыт өте азаяды. Құрылғы батареясының ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету үшін құрылғы пайдаланылмаған кезде, кірістірілген литий батареясын **әр 6 ай сайын шамамен 50%-ға дейін зарядтауға кеңес береміз.**

2 Сіздің сымсыз динамигіңіз


Жаңа өніміңіз құтты болсын және philips отбасысына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық алу үшін өз өніміңізді сайтқа (www.philips.com/support) тіркеңіз.

Қорапта не бар

Қаптама мазмұнын тексеріңіз және анықтаңыз:

- Динамик (бауы бірге жүреді)
- USB кабелі
- Жылдам бастау нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парақшасы
- Дүниежүзілік кепілдік

Динамикті шолу



- ① Динамикті қосу немесе өшіру
- ② Қысқа түрту : Дыбыс деңгейі бір деңгейге төмендейді
Ұзақ түрту : Дыбыс деңгейін үнемі төмендету
- ③ Қысқа түрту : Кідірту немесе ойнатуды жалғастыру
Ұзақ түрту : Жұптастыру режиміне өту / жұптастыру режиміне өту үшін жұптастырылған құрылғыны ажырату
Екі рет жылдам түрту: Келесі трекке
Үш рет жылдам түрту: Алдыңғы трекке
- ④ Қысқа түрту : Дыбыс деңгейі бір деңгейге жоғарылайды
Ұзақ түрту : Дыбыс деңгейін үнемі жоғарылату
- ⑤ Қысқа түрту : Жарық режимін ауыстыру
Ұзақ түрту : Жарықты қосу немесе өшіру
- ⑥ **DC IN**
Кірістірілген батареяны зарядтау
- ⑦ **Жарықдиодты индикатор**
Батареяны зарядтау күйін көрсету

3 Бастау

Әрқашан осы тараудағы нұсқауларды ретімен орындаңыз.


Кірістірілген батареяны зарядтау

Динамик кірістірілген қайта зарядталатын батареядан қуат алады.

Ескертпе

- Пайдаланар алдында кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.

Бірге жүретін USB кабелін пайдаланып динамиктегі USB-C ұяшығын розеткаға (5 V = 1 A) қосыңыз.





- ↳ Динамик зарядталып жатқанда, жарықдиодты индикатор ақ болып жанады.
- ↳ Динамик толығымен зарядталғанда, жарықдиодты индикатор өшеді.

⚠ Ескерту

- Динамиктің зақымдану қаупі бар! Қуат көзінің кернеуі динамиктің артында немесе астыңғы жағында басылған кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі бар! USB кабелін суыратын кезде, ашаны ұстап розеткадан тартыңыз. Ешқашан кабелді тартпаңыз.
- Өндіруші көрсеткен немесе осы динамикпен бірге сатылатын USB кабелін ғана пайдаланыңыз.

Қосу/өшіру

Динамикті іске қосу үшін  түртіңіз
↳ Сіз дыбыстық сигнал естисіз.

Динамикті өшіру үшін  түртіңіз.
↳ Сіз дыбыстық сигнал естисіз.

Ескертпе

- 15 минут бойы Bluetooth-дан дыбыс сигналы болмаса, динамик автоматты түрде өшеді.


4 Bluetooth құрылғыларынан ойнату

Bluetooth құрылғыларынан ойнату

Осы динамикпен Bluetooth құрылғысынан аудио тыңдай аласыз.


Ескертпе

- Құрылғыңызда Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик пен Bluetooth құрылғысын жұптастырудың ең үлкен қашықтығы 20 метрді құрайды (66 фут).
- Кедергі түзуі мүмкін кез келген басқа электрондық құрылғыдан аулақ ұстаңыз.


1. Динамикті қосыңыз, динамик ақ светодиодты индикатормен Bluetooth режиміне автоматты түрде кіреді. Сондай-ақ, Bluetooth жұптау режиміне өту үшін  түймесін 3 секунд басып тұруға болады.
2. Bluetooth қосыңыз және жұптастыру үшін құрылғыңыздағы Bluetooth тізімінен «Philips S2307» таңдаңыз.
3. Музыка ағынын бастау үшін Bluetooth құрылғысында дыбысты ойнатыңыз.

Музыка ойнатылып жатқанда



Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз

 Келесі тректі ойнату үшін екі рет басыңыз

Алдыңғы тректі ойнату үшін үш рет басыңыз

 Дыбыс деңгейін реттеу


Жарық әсерін өзгерту

Bluetooth сәтті жалғанған кезде, жарық режимін симфония, көп түсті дем алу және ақ дем алу режимдерінің арасында ауыстыру үшін  түймесін қысқа түрде түртіңіз. Жарықты өшіру үшін  ұзақ уақыт басыңыз.

Жарық әсері	Bluetooth күйі
Ақ жарық	Жұптастыруға дайын
Ақ жарық	Ең соңғы жалғанған құрылғыға қайта жалғануда
Түсті жарық	Қосылған

Ескертпе

Құрылғыны ажырату үшін:

- Ақ жарықты көргенше  түймесін басып тұрыңыз; немесе
- Қосылған құрылғыда Bluetooth құрылғылары тізімінен «Philips S2307» жұптастыру атауын таңдаңыз және жұптастырудан бас тарту үшін түртіңіз. Ажыратылғаннан кейін сіз ақ жарықты көресіз.

5 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Жалпы ақпарат

USB порты	5 В = 1 А
Кірістірілген батарея	1500 мА-сағ
Өлшемдері (Е x Б x Т)	103,3 x 46,6 x 88 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	200 г ± 5 г
Жұмыс ортасы	0 °С~40 °С

Күшейткіш

Ток шығыс қуаты (RMS)	5 Вт
Жиілік сипаттамасы	160 Гц -18 кГц
Сигнал/шу арақатынасы	>70 дБ

Динамик

Кедергі	4 Ω
Максималды кіріс қуаты	5 Вт
Жүргізуші	Диаметрі 45 мм
Пассивті радиаторлар	1

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	5.3
Жиілік ауқымы	2402 - 2480 МГц
Максималды беру қуаты	<10 дБм
Үйлесімді Bluetooth профилдері	a2dp/avctp/avrcp/hfr қолдайды
Bluetooth диапазоны	20 м дейін

6 Ақаулықтарды жою

Ескерту

- Динамик корпусын алуға болмайды.

Кепілдік күшін сақтауы үшін динамикті өз қолыңызбен жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Осы динамикті пайдалану кезінде қиындықтар туындаса, қызмет көрсетуге сұрау салу алдында келесі тармақтарды тексеріңіз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-сайтына (www.philips.com/support) кіріңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, динамиктің жақын жерде екеніне және үлгі нөмірі мен сериялық нөмірдің қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.

Жалпы

Қуат жоқ

- Динамиктің толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Динамиктің USB ұясына дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде дыбыс сигналы қабылданбаған соң динамик 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ

- Осы динамиктің дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Жалғанған құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth құрылғыңыз жұмыс қашықтығы ішінде екеніне көз жеткізіңіз.

Динамик жауап бермейді

- Динамикті өшіріп, қайта қосыңыз.

Bluetooth

Bluetooth қосылған құрылғымен қосылғаннан кейін дыбыс сапасы нашар

- Bluetooth сигналы нашар. Құрылғыны осы динамикке жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Жұптастыру үшін Bluetooth құрылғысынан [Philips S2307] табылмады

- Bluetooth жұптастыру режиміне кіру үшін ✖ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз да, әрекетті қайталаңыз.

Bluetooth құрылғыммен байланыс орнату мүмкін емес

- Құрылғыңыздың Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолын көру үшін құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Осы динамик жұптастыру режимінде емес.
- Осы динамик Bluetooth функциясы қосылған басқа құрылғыға жалғанып тұр. Ажыратыңыз және әрекетті қайталаңыз.

7 Ескертпе

MMD Hong Kong Holding Limited тікелей мақұлдамаған осы құрылғыға енгізілген кез келген өзгертулер немесе модификациялар пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік



Осы арқылы TP Vision Europe B.V. өнімнің Directive 2014/53/EU директивасына сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support мекенжайынан таба аласыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген өніміңізді және аккумуляторды кәдеге жарату



Сіздің өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғарғы сапалы материалдар мен компоненттерден жобаланып жасалған.



Өнімдері бұл таңба өнімге European Directive 2012/19/EU директивасының әрекет ететінін білдіреді.




Бұл таңба өнімде European Directive 2013/56/EU директивасымен қамтылған батареялар бар екенін білдіреді, оларды кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды.

Электірлік және электрондық өнімдер мен батареяларды қабылдайтын жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы хабардар болыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнімді және батареяларды ешқашан кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды дұрыс қоқысқа тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсер етудің алдын алуына көмектеседі.

Кірістірілген аккумуляторды алып тастау

Кірістірілген батареяны шығармас бұрын өнімнің қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



Тек иллюстрация мақсатында

Қоршаған орта туралы ақпарат

Барлық қажетсіз қаптама алынып тасталды. Біз қаптама үш материалға бөлінуі оңай болуына тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғаныс пенопласт парағы).

Сіздің жүйеңіздің құрамына қайта өңдеуге болатын және қайта пайдалануға болатын материалдар кіреді, егер бөлшектеуді мамандандырылған компания жасайтын болса. Қаптама материалдарын, заряды біткен аккумуляторларды және ескі жабдықты кәдеге жаратудың жергілікті ережелерін сақтаңыз.

Батареяны отқа немесе ыстық пешке лақтыру, оны механикалық түрде ұсақтау немесе кесу жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.

FCC ақпараты

Құрылғы ФБК (федералдық байланыс комиссиясы), 15-бөлімінің ережелеріне сәйкес келеді. Пайдалану келесі екі сарт орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

- ① Бұл құрылғы зиянды бөгеуілдерді тудырмауы керек және.
- ② Бұл құрылғы кез-келген бөгеуілдерді, соның ішінде қажетсіз жұмысты тудыруы мүмкін бөгеуілдерді қабылдауы керек.

Ескерту: Жасалған өзгертулер немесе түрлендірулер сәйкестікке жауапты тарап мақұлдамаған жағдайда, пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Ескертпе: Бұл жабдық сыналған және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес V класындағы сандық құрылғының шектеулеріне сәйкес екені анықталды.

Бұл шектеулер тұрғын үй-жайларда пайдаланылған кезде зиянды әсерлерден қолайлы қорғауды қамтамасыз ету үшін жасалған.

Бұл жабдық радиожиілік энергиясын өндіріп, пайдаланып, сәулеленуі мүмкін және нұсқауларға сәйкес орнатылып пайдаланылмаса, радиобайланысқа зиянды кедергілер тудыруы мүмкін. Алайда, белгілі бір орнату кезінде бөгеуіл туындамайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық теле- немесе радиохабарға зиянды бөгеуілдер тудырса әрі оны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болатын болса, пайдаланушыға бөгеуілдерді келесі әдістердің бірімен немесе бірнешеуімен шешіп көруге кеңес беріледі:

- (1) Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қойыңыз.
- (2) Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.

(3) Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.

(4) Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұраңыз.

РЖ ескерту мәлімдемесі

Құрылғы жалпы радиожиілік әсер ету талаптарын қанағаттандыру үшін бағаланды. Құрылғыны портативті экспозиция жағдайында шектеусіз пайдалануға болады.

IC-Canada: CAN ICES-003(B)/NMB-003(B)

Бұл құрылғыда Канаданың инновация, ғылым және экономикалық даму радиостандарттарына сәйкес лицензиядан босатылған таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Пайдалану келесі екі шарт орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

1. Осы құрылғы кедергі жасамауы тиіс.
2. Бұл құрылғы кез келген кедергіні, соның ішінде құрылғының нашар жұмысын тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

Avis d'Industrie Canada: CAN ICES-003(B)/NMB-003(B)

L'émetteur/récepteur exempt de licence contenu dans le présent appareil est conforme aux CNR d'Innovation, Sciences et Développement économique Canada applicables aux appareils radio exempts de licence. L'exploitation est autorisée aux deux conditions suivantes :

1. L'appareil ne doit pas produire de brouillage;
2. L'appareil doit accepter tout brouillage radioélectrique subi, même si le brouillage est susceptible d'en compromettre le fonctionnement.

Trademark notice



The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by the Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by MMD Hong Kong Holding Limited is under license.

Other trademarks and trade names are those of their respective owners.



Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
Philips және Philips Shield таңбасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.
Бұл өнім MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының немесе оның филиалдарының бірінің жауапкершілігімен өндірілді және сатылды, ал MMD Hong Kong Holding Limited осы өнім бойынша кепілгер болып табылады.

TAS2307_00_UM_V1.0

